



Мұнайшы

www.mmg.kz



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ газеті • 2009 жылдың 1-мамырынан шыға бастады

mmgpress mangistaumunaigaz_jsc

№12 (158), желтоқсан, 2022 жыл

АДЖЕ



Жаңа жыл құтты болсын!

Құрметті әріптестер, қадірлі мұнайшылар!

Санаулы күндерден кейін 2023 жылға - Қоян жылына қадам басқалы тұрмыз. Ескі жыл есіркеп, Жаңа жыл жарылқағай!

«Бүгінгі күн-ертеңгі тарих» демекші, 2022 жыл – «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы үшін тарихи жыл болып уақыт қойнауына енді. Ел Тәуелсіздігінің 31 жылдығын мұнай өндірісіндегі биік табыстарымызбен айшықтадық. «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы шілде айында 7 000-нан астам тонна белесті бағындырып, 1981 жылғы тарихи сәтті қайталады. Осы жетістіктің барлығы мерекеде межеге табан тіреген мұнайшылардың маңдай тері, талмасабаңдылығының арқасында деп білем.

«2022 жыл несімен есте қалды?» деген сұраққа жауап – тұтас ел үшін үлкен мерекелер мен маңызды оқиғалар тоғысқан кезең болды. 20-қараша мемлекеттігімізді сақтап, тәуелсіздігімізді тұғырлы ететін ел Президентін сайлады. Мұнайшылар салмағы басым саяси науқанда ұжым болып атсалысты. Бұдан өзге, кенорындарындағы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жақсарту бойынша бес жылдық жоспар әзірленді. Аталған жоба аясында Қаламқас және Жетібай кенорындағы үй-жайларды жаңа жиһаздармен жабдықтадық.

Осы жылы компания қызметкерлері үшін ағылшын тілін қарқынды оқытуды қолға алсақ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «ЦПК-Татнефть» және «ҚМГ Инжиниринг» қолдауымен «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ

түрлі цехтарында қызмет ететін шеберлерге арнап «Кәсіби шебер» оқуларын ұйымдастырдық.

Өндіріс пен өнерді серік еткен біздің ұжымның оң көрсеткіштерін тарқатар болсақ, «ҚазМұнайгаз» ҰК АҚ ұйымдастыруымен Сыр елінде өткен «Үздік маман-2022» кәсіби додада жеңіс тұғырынан көрінген әріптестеріміз Абдол Бижанов, Рахат Иман, Асхат Қазиев, Қуаныш Серікбаев, Серікбол Айжарықов есімдерін ерекше мақтанышпен айтар едім. «Жыл командасы» атанған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ардагерлер футбол құрамасы Ресей Федерациясының Ульяновск қаласында өткен «SIBIRSK CUP» халықаралық турнирде компаниямыздың абыройын асқақтатқаны баршаға мәлім.

Қадірлі мұнайшылар, құрметті әріптестер жеткен жетістік, бағындырған биік, әрбір асқан асуларда Сіздердің өлшеусіз үлестеріңіз бар. Ел экономикасының қарыштап дамуына қосар ерен ерліктеріңіз таусылмасын. Табалдырығымыздан аттағалы тұрған қоян жылының біздің компаниямыз үшін бұдан да жарқын боларына сенім мол.

Құрметті мұнайшылар баршаңызды келіп жеткен 2023 – Жаңа жылмен шын жүректен құттықтаймын. Компанияның дамуы мен гүлденуіне қосқан еңбектеріңізді жоғары бағалай отырып, Сіздерге және отбасыларыңызға амандық, бақ-береке, ұзақ ғұмыр тілеймін.

Жаңа жыл – жаңа жетістіктер мен жаңа бастамалар жылы болсын!

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы

Компания тынысы

«МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» «КӘСІБИ ШЕБЕР» ОҚУЛАРЫН АЯҚТАДЫ

13 желтоқсанда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерін оқытудың модульдік бағдарламасы – «кәсіби шебер» жобасы аяқталды. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «ЦПК-Татнефть» және «ҚМГ Инжиниринг» қолдауымен 2022 жылы басталған жоба аясында «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ түрлі цехтарында қызмет ететін он алты шебер осы бағдарламалар бойынша дәріс алды.

Бағдарлама жан-жақты дамытуға бағытталған төрт блоктан тұрады: «Психология және корпоративтік басқару», «Мұнай мен газ өндіру, ұңғымаларды жөндеу технологиялары мен жабдықтары, Татнефть компаниясының тәжірибесі», «Үнемді өндіріс», «Экономика негіздері», «Еңбекті қорғау», «Шешендік өнер» және басқалар. Оқудың төрт модулін сәтті аяқтаған мамандар тек білімін жетілдіріп қана қоймай, өздерін жақсы жағынан танытуға, қызу талқылауларға қатысуға, сыртелдік және қазақстандық эксперттердің тәжірибесін игеруге мүмкіндік алады.

– «ЦПК – Татнефть» және «ҚМГ Инжиниринг» әріптестеріне аталған жобаны ұйымдастыруға қолдау көрсеткені үшін алғыс айтқым келеді. Біз әрқашан әріптестікті нығайта отыра, бірлесе жұмыс істеуге дайынбыз, – деді кездесуді ашқан «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры Дәулетжан Хасанов. – Сондай-ақ, шеберлер алдағы уақытта өз жобаларын сәтті қорғап шығатынына сенемін. Егер осындай бағдарламадан кейін біз өндіріске бір-екі жобаны енгізетін болсақ – бұл өте үлкен жетістік болар еді, – деді Д.Хасанов.

Бұдан әрі шеберлер «Баррель» және «Болашақ» екі командасына бөлініп,

компания қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған әзірленген жобаларды қорғауға кірісті. «Баррель» командасы сараптау комиссиясының сотына «СК редуكتورларынан майдың ағып кетуін тоқтату бойынша техникалық шешімдерді әзірлеу» жобасын, «Болашақ» командасы кенорындары бойынша «барлық СК – да (тербелетін станок) мұнай өндірудің оңтайлы режимі үшін жиілік түрлендіргішін орнату» жобасын ұсынды.

Екі жоба да «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылары мен тәжірибелі өндірушілер және энергетиктерден жасақталған сараптамалық комиссия мүшелерінің үлкен қызығушылығын тудырды. Талқылау қорытындысының нәтижесінде сараптама комиссиясы екі жоба бойынша да оң қорытынды шығарды. Үздік технологиялық шешім және үздік оңтайландырылған шешім негізінде командаларға сертификаттар табыстады.

Жоба соңында әрбір қатысушыға «кәсіби шебер» модульдік бағдарламасынан сәтті өткені туралы сертификат табысталып, ең белсенді алты қатысушы жеке сертификатқа ие болды.

«Жетібаймұнайгаз» ӨБ №1 мұнай және газ өндіру цехының шебері Абай Таласбаевтың айтуынша, бұл модульдік

оқыту бағдарламасы әрбір қызметкердің кәсіби деңгейін арттырып қана қоймай, компанияның дамуына айрықша әсер етеді.

– «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығына және барлық оқытушылар мен жаттықтырушыларға сапалы дәріс бергені үшін алғыс айтқым келеді, бізден кейін тәлім алатындардың барлығы да мол тәжірибе алады деп үміттенемін, – дейді «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ МГӨК-1 шебері Сағын Селбаев.

Осымен, «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясы үшін алғашқы «кәсіби шебер» модульдік оқыту жобасы сәтті аяқталды. Ал келер жылы компания 80-нен астам Қаламқас және Жетібай шеберлерін аталған бағдарлама аясында оқытуды көздеп отыр.



ОҢТҮСТІК ЖЕТІБАЙ, АЛАТӨБЕ ЖӘНЕ ОЙМАША КЕНОРЫНДАРЫН ИГЕРУ МЕРЗІМІ ҰЗАРТЫЛДЫ



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Оңтүстік Жетібай, Алатөбе және Оймаша кенорындарында көмірсутек шикізатын өндіруді жүзеге асыруға арналған 09.01.1998 жылғы №ГКИ-170 негізгі келісім-шарттың мерзімін 2028 жылғы 8 желтоқсанға дейін ұзарту туралы №7 қосымша келісімге қол қойылғаны туралы хабарлайды. Бұрынғы келісім-шарттың мерзімі 2022 жылдың 8 желтоқсанына дейін есептелген болатын.

Оңтүстік Жетібай, Алатөбе және Оймаша кенорындары бойынша 3 (үш) лицензияның қолданылу мерзімінің 2022 жылдың 8 желтоқсанында аяқталуына байланысты, 2022 жылдың 8 маусым күні кенорындардың үздіксіз (тоқтаусыз) игерілуін қамтамасыз ету мақсатында ҚР Энергетика министрлігіне көрсетілген учаскелер бойынша өндіру кезеңін ұзарту

туралы өтініш жолданды.

Өндіру кезеңін ұзарту мәселесі бойынша 5 айдан астам уақытқа созылған келіссөздердің нәтижесінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі жанындағы жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі сараптама комиссиясының отырысында «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамына Оңтүстік Жетібай, Алатөбе және Оймаша кенорындары бойынша игеру кезеңін ұзартуға рұқсат беру туралы шешім қабылданды.

Келісім-шарттар мерзімінің 2023 жылдан 2028 жылға дейін ұзартылуының нәтижесінде Оңтүстік Жетібай, Алатөбе және Оймаша үш кеноры бойынша мұнай өндірудің әсері 695 432 тоннаны құрап отыр.

ЗИЯТКЕРЛЕР ДОДАСЫ

15 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қарсаңында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері «Брейн-ринг» интеллектуалды-танымдық турниріне қатысты.

Ең білімді команданың құрметті атағы үшін Қаламқас, Жетібай және орталық аппараттың мұнайшылары күресті. Ойынның өзі әрқайсысы 10 сұрақтан тұратын жеті раундтан тұрды. Бұл Қазақстанның тарихы мен мәдениетін, әлемдік тарихты, кино, спортты білуге, сондай-ақ мұнай тақырыбына, логикаға және т.б. сұрақтар болды.

Нәтижесінде 69 балл жинаған «Форсаж» командасы турнир жеңімпазы атанды, екінші орында «Баррель» (68 балл), жүлделі үштікті «Қаламқас» командасы (65 балл) түйіндеді.

Жеңімпаздарды «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының әкімшілік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Ермек Коплеев құттықтап, жүлдегерлерге ақшалай сертификаттар табыс етті және барлық

қатысушылардың лайықты күресіп, жоғары білім деңгейін көрсеткенін атап өтті.

– Турнирде жеңіп алған барлық жүлде қорын (100 000 теңге) қайырымдылық мақсаттарға бергіміз келеді, – деді «Баррель» командасының капитаны Ғалым Қайсенов. – Сондай-ақ, компания басшылығына осы ойынды ұйымдастырғаны үшін алғыс айтқым келеді, зияткерлік турнирдің форматы өте ұнады, болашақта осындай іс-шараларды көбірек өткізіміз келеді.

Жалпы, соңғы раундтан кейін көптеген мұнайшылар бұл ойын ой-өрісін кеңейтіп, логикалық ойлауды дамытып қана қоймай, ұжымды біріктіріп, команданың мүддесі үшін өзара іс-қимыл жасауға және бірлескен күш-жігермен мақсаттарға жетуге үйрететінін атап өтті.



ЖАСТАРМЕН ӨТКЕН КЕЛЕЛІ КЕЗДЕСУ

Жуырда «Holiday Inn» салтанат сарайында Компанияның 35 жасқа дейінгі 100-ден астам жас маманының қатысуымен жастар форумы өтті. Жас мамандар алдымен Бас директормен кездесіп, ашық сұхбат құрды.

Еркін форматта пікір алмасу үрдісінде ұйымдастырылған кездесуге мұнайшы жастар, компанияның құрылымдық бөлімшелерінде қызмет істейтін жас мамандар және Компания бас директорының орынбасарлары қатысты.

Кездесуде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Дәулетжан Хасанов жастарға компания тарапынан әрдайым қолдау көрсетілетінін атап өтті. Сондай-ақ, ол білікті жастарды қолдауға бағытталған бағдарламаларға тоқталды. Жас мамандарды білім жетілдіріп, кәсіп игеруді мақсат етіп қоюға шақырды.

жас маманы білімді, жан-жақты болғаны жөн. Бұл компанияның да, заманның да талабы десек болады, - деді Д.Хасанов.

Жиынға қатысушы жастар көкейде жүрген сауалдарын қойып, компания басшысымен еркін пікір алмасып, компания әлеуетін арттыруға бағытталған ұсыныстарын жеткізді. Дәулетжан Хасанов жастардың ұсыныстарын тыңдап, алған білімдері мен күш-жігерлерін компанияның дамуы мен өсіп-өркендеуі жолында жұмсауларына тілектестік білдірді.



Жастар өз кезегінде сұрақтарын қойып, тұщымды жауаптарын алды. Мұндай форматтағы кездесу біздің компаниямызда алғаш рет ұйымдастырылғанын айта кеткен жөн. Тимбилдинг жас мамандарды креативті ойлауға, ұжым болып жұмыс істеуге, шешім шығара білуге үйретеді. Біздің компаниямызда қарапайым слесарь, оператордан бастап Бас директордың

орынбасары, департамент директоры, мәслихат депутаты лауазымында жүрген жас азаматтар бар. Бұл да болса жастардың жан-жақты, өте белсенді екенін байқатады, - дейді Адам ресурстарын басқару департаментінің мердігер мекемелермен қарым-қатынас бөлімінің инженері Салих Адай.



– Қазіргі уақытта жастардың білім-ғылымға жақын болғаны жөн. Қоғамды алға сүйрейтін, өркениетке жеткізетін жаңа ғылыми технологиялар және осыны игерген буын деп есептеймін. Біздің компания қызметкерлері үшін ағылшын тілін қарқынды оқытуды қолға алдық. Кәсіби бағытқа қарай шеберлерді оқытық. Кайдзен бағытында, өндіріс тиімділігін арттыру мақсатында оқуларды жалғастырамыз. Компания ішінде өзіміздің ішкі тренерлерімізді дайындап жатырмыз. Өзін-өзі дамыту компаниямыз үшін өте пайдалы іс. Қазір ғылымның сан-саласы дамып келеді, адамзат қоғамы біртіндеп жасыл энергетикаға ден қойды. Дегенмен, алдағы уақытта да өндірістің өзектілігі жойылады деп ойламаймын.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ – Қазақстандағы ең ірі мұнай компанияларының бірі. Алға қойған өндірістік мақсаттарымызға сенімді түрде қол жеткізіп келеміз. Компанияның өндірістік әлеуеті жақсы. Ал өндірісті өрлететін білікті маман, өз ісінің нағыз шеберлері екені белгілі. Сондықтан компаниямыздың әрбір қызметкері, әр

Жастар форумының екінші бөлігі тартысты тимбилдингпен жалғасты. Жас мұнайшылар өзара «Jas Energy», «JasStar», «Brent\$», «Баррель» атауларымен командаларға бөлініп, тартысты сайыстарға қатысты. Тимбилдинг конкурстарын өлкемізге танымал «Play creative agency» ұжымы ұйымдастырды. Конкурстардың барлығы бірлікте әрекет істеуге, көшбасшылық қасиеттерді дамытуға бағытталған. Жеңіске жету үшін команда болып жұмыс істеп, шешім шығара білу ерекше маңызды. Мұндағы мақсат – компания жастарының ауызбіршілігін арттырып, қызметкерлер арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Тимбилдинг барысында командаларға өз логотиптері мен девиздерін ойластыруға тапсырмалар берілді. Сондай-ақ логикаға, креативті ойлауға мән берілетін ойындар өтті.

– Бүгін «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорымен компанияның жас мамандарының кездесуі әсерлі өтті. Кездесуде компания басшысының өмірбаянымен, қызмет жолымен жақынырақ таныстық.



Ескі жыл есірке, Жаңа жыл жарылқа!



Жаңа жыл құтты болсын, мұнайшылар!

Жылыстаған жылдармен жылжып жаңа 2023 жылдың келуіне де санаулы күндер қалды. Жаңа жыл – бәріміз асыға күтетін айрықша мереке. «Өткен жылға өкпе жоқ, жаңа жылдан үміт көп» дейді халқымыз.

Өтіп бара жатырған 2022 жыл жетістіктер мен жеңістерге толы жыл болды. Бұл біздің сөзіміз бен ісіміздің бір арнада тоғысқаны, ең бастысы бейбітшілік пен татулықты арқасы деп білеміз.

«Oil Services Company» ЖШС 2022 жылы өздеріне міндеттелген тапсырыс берушілердің, соның ішінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ

тарапынан берілген жұмыстарды сапалы, уақытында орындап, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, бүгінгі күнде Қазақстанның экономикасының дамуына өз үлесін қосып келеді. Осы уақытта қиындықты артқа тақтап, қарқынды еңбектің, мұнайшылардың күндіз – түні тапжылмай еңбек етуінің арқасында Серіктестіктің шығар биігі, асар асуы көп боларына сенемін. Келер жыл берекелі бірлігімізді, үйлесімді тұрақтылығымызды, жарасымды татулығымызды асқақтарына сенемін.

Құрметті мұнайшылар, қадірменді достар!

Сіздерді келе жатқан Жаңа қоян жылымен кіршіксіз көңіл, ыстық ықыласпен құттықтаймын!

Жаңа жыл – жаңа үміттер мен жаңа жоспарлар. Сіздерге жаңа жетістіктер мен кәсіби табыстар тілеймін. Бұл жыл жақсы өзгерістерге, қуанышты кездесулерге, бақытты оқиғаларға толы болсын. Жаңа жыл әрбір шаңыраққа бейбіт өмір, тыныштық және мол жақсылықтар әкелсін!

Бүгінде барша әлем жұртшылығы күрделі кезеңді бастан өткіріп жатқаны белгілі. Елді жайлаған ауыр індеттен Әлем халқы аман шығып, алдымызда жарқын өмір жарқырасын дегім келеді.

Әрбір адам жаңа жылдан көп жақсылық күтеді, жаңа жылға көп үміт артады. Өткенге риза болып, жаңа жылға бәріміз таза ниетпен, нық қадаммен аттайық. Жаңа жылға жаңа табыстарға жете берейік! Еліміз аман, іргеміз бүтін, жұртымыз тыныш болсын! Жаңа 2023 жыл құтты болсын!

Нүркен Таменов
«Oil Services Company» ЖШС
Бас директоры

Құрметті әріптестер, мұнайшылар!

Баршаңызды Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын! Табалдырығымыздан аттағалы тұрған Жаңа жыл, біздің компаниямыз үшін бұдан да жарқын боларына сенімім мол.

Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еліміздің баянды болашағы, игілігі жолындағы еңбектеріңізге үлкен жетістіктер, мол табыстар тілеймін. Алдағы жыл көптеген мүмкіндіктер мен идеяларды және ұмытылмас ерекше сәттер сыйласын!

Сіздерге келешекте де Қазақстанның өсіп-өркендеп дамуына қосқан үлестеріңізге және де кен игеру саласындағы абыройлы істеріңіздің ырысы мен берекесін көруіңізге тілектестік білдіремін. Дендеріңіздің сау болып, жанұяларыңызға тұрақтылық пен жаңа белестерге жетулеріңізге тілектеспін!

Ізгі тілекпен,

Н.М. Ибрашев
«Мұнайтелеком» ЖШС
Бас директоры



Қадірменді «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының және оның барлық сервистік ұйымдарының қызметкерлері!

Санаулы күндерден соң бүкіл жер бетіне, біздің елімізге жаңа 2023 жыл да келіп жетеді. Біз, «Neiron-med» компаниясының ұжымы, сол жылды сіздермен бірге қарсы алып жатқанымызды ерекше мақтан етеміз.

Сіздер мемлекетіміздің күш-қуатын арттыратын табыс көзі – мұнай мен газды өндіріп, ел байлығын күнделікті ауыр еңбектеріңізбен молайтып жүрген жандарсыздар. Биылғы жылдың басынан сіздердің сервистік компанияларыңыздың қатарына кіріп, мұнайшылардың денсаулығын сақтау күзетіне келгенімізді аса жауапты жұмыс деп қабылдаймыз.

Бірге қызмет етіп бастағанымызға бір жыл уақыт өтті. Осы жыл ішінде мұнайшылардың денсаулық көрсеткіштеріне сын көзбен қарасақ, біраз оң өзгерістерді байқаймыз.

Дәрігер мен науқастың бір бағыт ұстауы, емшінің өзінің қызметін заманауи ғылым жетістіктері бойынша атқаруы, ал олардың емделушілерінің салауатты өмір салтын ұстауда жігерлілік танытуы, оң бағыт алуы ғана дұрыс нәтижеге жеткізбек.

Елге қызмет етіп, жанұяға барынша мол табыс әкеліп, бала-шағаны өсіріп, өндіру – бүкіл адам баласына ортақ құндылық. Ал оларға ие болу үшін сіз бен бізге жақсы денсаулық керек-ақ. Сіздерге өмір қызықтарын барынша сезінуге себепші жақсы денсаулық тілеймін. Қызметтеріңіз де кезекті жеңістерге жете беріңіздер, маңдайларыңызға барлық биіктерді алу жазсын!

Біз сіздермен біргеміз. Сіздерді дәрігерлердің кабинеттерінен емес, жұмыс орындарыңыз да, үйлеріңіз де, қоғам арасында жарқын жүзді, белсенді, позитивті күйде көрейік. Жаңа жыл құтымен келгей!

Сіздерге деген құрметпен және игі тілекпен,

А.Ж. Абджели
«Neiron-med» ЖШС
Ақтау қаласындағы филиалының директоры

Пусть Новый Год избавит от грустных мыслей, скучных людей и ненужных хлопот. Поздравляю и желаю крепкого духа и отменного здоровья, отличного настроения и хороших людей рядом. Входящем году я приступил к работе в АО «Мангистаумұнайгаз», познакомился с новыми коллегами, с их помощью я быстро привык к работе и жизни. Желаю Вам в наступающем году реализации всех самых смелых планов и идей, достижения больших высот! Пусть грядущие праздники принесут в каждый дом радостные вести и позитивные перемены, подарят много ярких событий и впечатлений, наполнят Вашу жизнь уверенностью и оптимизмом!

Линь Кэ

начальник проектно-сметного отдела ДКС

Үш баланың әкесі, ұжымында абыройлы азаматтың Жаңа жылдық тілегі - келер күннің берекесі мен мерекесінің толастамауы. Еркін Еңсегеновтің барыс жылында жеткен жетістігі елеулі. Ағайын-достық басын қосып қоныс тойды тойлағаны кеше, артына қызы Эльза «Болашақ» колледжінің грантын жеңіп алды. Қатар келген қос қуаныш білікті оператордың мерейін асырып-ақтұр.

17 жыл өмірін өндіріске арнаған мұнайшының алдағы жылға жоспарлары да аз емес. «Бүгінгі күнге дейін мұнай өндіру көлемін көрсетілген межеден кем тапсырған емеспіз. Келер жылда осы жұмыс қарқынның одан әрі ұлғайта түсетінімізге сенімдіміз. Жаңа жыл елімізге табыс, береке, игілік әкелсін» деп түйіндеді «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ №3 мұнай және газ өндіру цехының операторы Еркін Еңсегенов.



Жыл келді,
Қуанышпен өтсе игі еді.
Жоғалып жамандықтар кетсе игі еді.
Аңсап жүрген,
жете алмай шаршап жүрген,
Аққанат қуанышым
Жетсе игі еді!!

Жаңа жыл жетті, тағы! Үлкен де, бала да Жаңа Жылдан таңғажайып қызықты, жүрек жарды қуанышты күтеді. Үмітін үкілейді, арманына қанат байлайды! Оттың басында, ұядай жып-жылы шаңырағында үй-орманымен: ел аман, жұрт тыныш, ата-ана бақуат, перзент – бауырда, «айхой» көңілмен отыратын базарлы шаққа не жетсін?! Қазақтың қазанына ас саламыз деп тұн қатып, күн шабуылдап жүретін мұнайшы әріптестеріміздің – «маңғыстаумұнайгаздықтардың» Жаңа Жыл алдындағы көңіл-күйі, тілек-ниеті қандай? Біздің мұнайшылар Жаңа Жыл туралы өз ойларын «Мұнайлы өлке» газеті тілшілерімен бөлісіп, әріптестерін келе жатқан Жаңа Жыл мерекесімен құттықтады.

Менің түсінігімде – Жаңа Жыл отбасылық мереке. Үлкен дастарханның басында бүкіл ағайын-бауыр жиналғанын жақсы көремін. Жыл бойғы қуанышты оқиғаларды айтамыз, жеткен жетістіктерге шүкіршілік етеміз, балалардың болашағына жоспар құрамыз. «Қара қазан, сары бала қамы үшін» деп өмір сүретін қазаққа осыдан артық бақыт бар ма?! Біздің бүгінгі кейіпкеріміз жылдың алғашқы мерекесі туралы осылай дейді.

Зәуре Атчибаева бүгінде «Жетібаймұнайгаз» ӨБ, Газ дайындау, тасымалдау және газ шаруашылығын пайдалану цехының техникі боп жұмыс істейді. Ширек жылға жуық өлкенің өндірісін өрге сүйреген еңбек адамы келер жылдан мол жақсылық күтеді. Отбасында адал жарымен 4 бала тәрбиелеп отырған Зәуре Құрақбайқызының бүгінгі ерлігі ертеңгі ел қазынасын еселейтініне ешбір күмән жоқ.



Тәуелсіз еліміздің энергетикалық қуатын арттыру саласында ерен жетістіктерімен ерекшеленген, өңіріміздің мұнай – газ кәсіпорындарының көшбасшысы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның өндірістік міндеттемелерін зор жауапкершілікпен орындайтын мердігерлік компаниялардың алдыңғы сапында «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС тұрғандығын мақтанышымен айта аламыз.

Кенорындардағы әуе берілісті электр жүйелері мен қосалқы электр станцияларының жұмыс сенімділігін арттыруға арналған Серіктестіктің өндірістік – шаралары «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС өз қызметін Халықаралық 3 (үш) түрлі стандарт (ISO) талаптарына сай ұйымдастырған Сертификаттардың иегері. Серіктестіктің қол жеткізген атақ-абыройы - бүкіл ұжым мүшелеріне зор жауапкершілік жүктеп отыр. ОПЕК+ келісімі бойынша, мұнай өндіруді қысқарту аясында тапсырыс беруші «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ тарапынан өндірістік жұмыс көлемдерінің қысқартылуына қарамастан, Серіктестік өндірістік шығындарды мейлінше ықшамдап, ұжым штатын және мердігерлікпен ынтымақтастықта жұмыс жасап келе жатқан компания жұмысшыларын қысқартпай тиімді шешімдер қабылдап келеді. Биылғы жыл ішінде ауыз толтырып айтатын игі істер тізбесі ынтымақты ұжымның ерен еңбегінің арқасында деп білеміз.

Барша өңір жұртшылығын, облыстың Энергетиктер қауымын және өзін басқарып отырған «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС барлық ұжым мүшелерін келе жатқан жаңа 2023 жылмен құттықтай отырып, ұжым ардагерлерінің қажырлы еңбектеріне алғыс айтамын. Баршаңыздың дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін. Жаңа 2023 жыл өңір жұртшылығына жаңа жақсылықтар, игі бастамалар әкелсін! Тәуелсіз еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Косбаев Н.Р.
«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС
Бас директоры



Ерен еңбекпен өткен жыл

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өндірістік модернизацияны қалыптастыру жолында ел қазынасын толықтыруға үлес қосып отырған инфрақұрылымдық құрылыс компанияларының бірі «Oil Construction Company» серіктестігіне артылған жауапкершілік мол.

Қалыптасқан дәстүр бойынша ескі жылды шығарып салып, жүріп өткен жолымызға баға береміз, болашаққа жоспар жасаймыз. Мұнай-газ өндірісінің дамуына атсалысып, өсімін қамтамасыз етіп отырған отандық мұнайсервис саласында етіп бара

жатқан 2022 жылы жақсы нәтижелерге қол жеткіздік деп ойлаймын. Нақты айтар болсақ, «ӨзенМұнайГаз» АҚ тапсырысы бойынша көлемі 200м3 болатын 4 мұнайгаз екшегішінен (сепараторынан) тұратын орталық мұнай айдау пунктін шеткі екшегіш қондырғысының алаңшасы, орталық мұнай айдау пунктінде көлемі 20000м3 болатын №3 мұнай сұйыққоймасы сияқты нысандар пайдалануға берілді.

Қаламқас кенорында 83 тығыздау ұңғымалары жайластырылды, кененді мұнай дайындау және өткізу цехында қуаты жылына 3млн тонна мұнай дайындау қондырғысы, блокты топтық сорғы стансасын (БТСС-4Б, 6А) кеңейту жұмыстары, 2x45МВт газтурбиналық электр стансасындағы газ және сумен қамту объектілерін қайта құрылымдау жұмыстары межесіне жетті. Ал Жетібай кенорында жалпы саны 90 тығыздау ұңғымасы жайластырылды, Шығыс Жетібай кенорында модульді сығымдау стансасы, мұнай дайындау және айдау цехын сыртқы электрмен жабдықтау жүйесін қайта құрылымдау, мұнай дайындау және айдау цехын қайта құру жұмыстарының бірінші кезеңі, Жетібай кенорындағы тобының қабат қысымы беру жүйесін орнату бойынша құрылыстың бірінші кезеңі, У-12 Асқар өлшеу қондырғысын салу жұмыстары, Жетібай кенорындағы блокты топтық сорғы стансасын (БКНС)-1,2,4,5 қосымша сорғы орнату арқылы кеңейту бойынша күрделі құрылыс жұмыстары екпінді жүргізілді.

Күрделі жөндеу бойынша Қаламқас кенорында жалпы саны 85 км болат құбырларды шыныпластик құбырға ауыстыру және төсеу, металл құбырларды ауыстыру, көлемі 150 000м3 құм төгу жұмыстары, Жетібай кенорында көлемі 45 км болатын ұңғыманың шығару желілерін шыныпластик құбырларға ауыстыру, төсеу және металл құбырларды ауыстыру жұмыстары табысты атқарылды.

Сонымен қатар биыл адал еңбегі, талмас талабына сүйеніп, болашаққа құрылған тамаша стратегияны толыққанды жүзеге асыра білген, жұмылған жұдырықтай ұжыммен өзіміздің 20 жылдық мерейтойымызды кең ауқымда атап өттік. Компанияда жұмысшылар мүддесі әрдайым бірінші орында. Ішкі коммуникация талаптары да қатаң сақталып, компаниядағы әлеуметтік жағдай үнемі бақылауда.

Көп іс атқарылды, алда да жоспар көп. Мұнай саласы еліміздің экономикасының локомотиві болса, компаниямыздың осынау алып ұйымның бір бөлігі ретінде еліміздің көркейіп, өлкеміздің дамуына, мемлекетіміздің күш-қуатының қарыштап өсуіне сүбелі үлес қосып келе жатқанын зор мақтанш, үлкен абырой деп есептейміз. Алда да тарихи дәстүрімізге адалдық танытып қана қоймай, еліміздің алдыңғы қатарлы сервистік компанияларының көшін бастаймыз деген сенім бар.

Барша әріптестерімізді Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын. Ортақ мүдде – ел қуатын арттыру жолындағы еңбегіміз берекелі болып, табысымыз артып, мәртебеміз биіктей берсін!

Ізгі тілекпен,

А. Сапаров
«Oil Construction Company» ЖШС
Бас директоры

Уважаемые коллеги!

Хочу Поздравить вас с Наступающим Новым 2023 годом! Пусть этот новый год будет для вас плодотворным и успешным. Желаю каждому новых шагов вверх по карьерной лестнице. Легких вам трудовых будней и жарких приятных отпусков! Пусть все неудачи и невзгоды останутся за порогом старого года, а в новом - будет только взлеты и достижения! А так же чтобы в ваших домах царили уют, любовь и взаимопонимание. Лично для меня, этот год начался действительно с нового, а именно с перехода на новую должность в отдел Новых технологий. Год прошел с приобретением новых знаний, навыков и новых знакомств. Огромная благодарность коллегам за доброту, доверие и поддержку.

Лилия Никитенко,
техник ОНТ ПД

АРДАГЕРЛЕР БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТУДА

Осыдан үш жыл бұрын, ел өнеркәсібінің ірі салаларының бірі мұнай-газ өндірісінің даму жолындағы ұрпақтар сабақтастығы үзілмеуі мақсатында бір-қатар ел ағалары бірігіп, өзара ұйымдасып, республикалық қоғамдық бірлестігінің жұмысын жолға қойды. Бұл бірлестік жұмысы мұнай-газ кешені ардагерлерінің қызметін ұйымдастыру және көмек көрсету, сондай-ақ өнеркәсіптегі жас мамандардың ғылыми-техникалық шығармашылығын дамытуға, инновацияларды енгізуге, аға ұрпақтың телегей-теңіз тәжірибесін жас мамандарға үйрету және мұнайды игерудегі қазақстандық сүрлеудің тарихын сақтауға бағытталған еді.

Бүгінде сол әдепкі мақсат толықтай жүзеге асырылып келе жатыр. Оған қоса әуелгі миссиямыздың аясы да кеңейіп, қазіргі кезде ұйымға мүше ардагерлер арасында оларды еңбек және шығармашылық қызметке тарту, салауатты өмір салтын белсенді насихатталуда. Экскурсиялар, сауықтыру және мәдени іс-шаралар, спорттық шаралар мен турнирлер ұйымдастыру арқылы олардың денсаулығын нығайту жұмыстары атқарылуда. Ең бастысы аға буын мен кейінгі буынның сыйластық тіні, тәжірибе алмасуы бекіді.

Қоғамымызда жастарға жұмыс табылмай жатқан кезде жасы келген мамандар неге орын бермейді деген пікір қалыптасқан. Біздіңше, бұл өте өрескел қате пікір. Әлеуметтің дұрыс бағытта дамуына, әсіресе тәжірибе өте қажет салаларда «ересек» мамандардың орны өлшеусіз. Өйткені олар жүріп өткен жол мен сыни көзқарас, ең бастысы тәжірибе жүзіндегі білім бағажы құндырақ. Егер екі буын арасында байланыс тығыз болса, сол саланың жүйеге қойылуы, табыстылығы да арта түсетінінің дәлелін біз өз үлгімізде көрсете алдық деген ойдамыз.

Алайда әлеуметтік белсенді азаматтарымыздың әлеуетін пайдалануға арналған шаралар өте аз, оның үстіне ардагерлер мен зейнеткерлермен жұмысты артықжүк көретіні тағы бар.

Осы орайда қазақтың «қарты бар елдің қазынасы бар» деген нақыл сөзі еске түседі. Біздің пайымымызда кез келген сала ардагерлерінің маңдай тері мен ұзақ жылдар бойы жасаған қызмет өтілі кейінгі жастардың іс-әрекетіне бағыт беріп қана қоймай, өмірлік тәжірибесі арқылы мемлекетке де тигізетін пайдасы орасан зор. Оған «Мұнай-газ кешені ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігінің атқарып жатқан жұмысы дәлел бола алады.

Қоғамдық бірлестіктің негізгі міндеті – сала ардагерлеріне қолдау көрсету, мұнай және газ кешенінің жас буынын дайындауға көмектесу, жас қызметкерлерге тәжірибе беру мақсатында кездесулер ұйымдастыру, саланың инновациялық ғылыми зерттеулерді дамытуға және ілгерілетуге көмектесу. Мұндағы әр міндеттен бірлестік мүшелерінің мемлекетіміздің болашағына бейжай қарамай, зейнет жасында болса да оның тұрақты әрі табысты дамуына қолғабыс тигізуге ұмтылатынын байқаймыз. Оған ресурс та жеткілікті. Ол ардагерлердің жылдар бойғы жинаған абыройлы қызметінің нәтижесі мен дағды-машықтары. Саланың қыр-сырына жастардың тісі батпаған кезде, көп жағдайда ардагерлердің тәжірибесінің үлкен көмегі тиіп жатады. Осылайша бірлестік жас буын мен тәжірибесі мол ардагерлердің арасында сауатты диалог жүргізіп, байланыс орната алып отыр.



Бүгінде кез келген қоғамда медицинаның және әлеуметтік жағдайлардың жақсаруы себепті жас ұзақтығы артқаны мәлім. Бұл көптеген елдердің әлеуметтік саясатына үлкен күш болары анық. Өйткені қазіргі таңда көптеген елдің экономикалық бағыты мен ресурсы көп жағдайға жастарға ыңғай беретіні шындық. Дегенмен тәжірибесінің молдығымен ересек азаматтардың (ардагерлердің) да жастармен бірге қоғамға тигізетін пайдасын ескерсек, болашақта ересектер әлеуетін ашуға мүмкіндік беретін мұндай қоғамдық бірлестіктің маңызы жоғары екенін сеземіз. Оның үстіне мемлекетке өзін маман ретінде пайдалы екенін білетін, ал мемлекет тарапынан қамқорлық сезінетін ардагерлер озық экономиканың негізін құрай алады. Олардың қатарында шығыс азиялық мемлекет Жапония да бар. Жапонияның еңбек нарығындағы қарттар мен мүгедектерге қатысты мемлекеттік саясаты елдегі туу деңгейінің төмендеуімен, халықтың қартаюымен себепті демографиялық жағдайдың өзгеруіне байланысты. Жапон үкіметі жұмыс күшінің жетіспеушілігі проблемасын егде жастағы адамдардың жұмыспен қамтылуын арттыру арқылы шешуге тырысуда, әрине ерікті түрде. Әлемдік рейтингте қарттар мен мүгедектердің жағдайын жасау бойынша сегізінші орында тұрған мемлекеттің дәл осы саясаты еңбек нарығындағы балансты ғана емес, әлеуметтік тұрғыда елдің тыныс-тіршілігін, көңіл-күйін реттестіріп отыруға үлкен септігін тигізіп отыр.

Алайда бізді Жапониямен салыстыруға мүлдем келмейді. Өйткені экономикалық индикаторлар әр түрлі болғандықтан, көшіріп ала алмаймыз. Дегенмен бұл саяси модельдің түпкі идеясы еліміздегі жасы үлкен азамат-

тардың еңбекке қабілеттілігі, өмірге құштарлығы, қаржылық тұрғыдағы әлеуеттілігі ескерілмей, көп жағдайда санаттан тез шығарылып қалу проблемасын шешуге көмектесетін секілді. Әдетте руханият саласындағы азаматтардың еңбегі көпшілік аузында ескеріліп жатса, өндірістік, медициналық, қаржы және басқа да өнеркәсіптік салаларындағы еңбек ардагерлерінің ауыз-біршілігінің жоқтығы немесе ұйымдастырылуының төмендігі олардың әлеуетін жоқ деп тануға бірден-бір негіз береді.

Осы тұрғыда қоғамдық бірлестік тарапынан ардагер мұнайшылардың қоғамға қажет екенін сезіндіруге бағытталған жұмыстар легі аз емес. Еліміздің марқасқа азаматтарының орны ерекше екенін білдіріп, үлкендерге ілтипат жасалуын орынды түрде насихаттау арқылы қоғамда әнші-бишілерді ғана емес, қарапайым еңбек адамының жоғары дәрежеде құрметтелуін көздедік.

Осы орайда мақтаншыпен айтар ұйымдастырылған шаралардың бірі ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №936 шешімін орындау мақсатында Бірлестік, Қазақстандық мұнайшы-геологтар қоғамымен бірлесе отырып, NCOS, КПО және ТШО сияқты компаниялар кіретін «Мұнай-газ машиналарын жасауды дамытудың халықаралық орталығы» қауымдастығын құру жөніндегі жұмыстарды аяқтады. Бұл шара ірі жобалардағы қазақстандық қамтуды айтарлықтай ұлғайтуға мүмкіндік береді.

"ҚМГ" ҰК АҚ инновациялық дамуына өз үлесін қосуға ниет білдіре отырып, "ҚМГ" ҰК АҚ жанынан Сарапшылар кеңесін құру туралы бастамамызды да ұлттық компания басшылығы қолдады. Оған Қазақстандық мұнай және газ кен орындарында үлкен тәжірибесі бар ардагер мұнайшыларымыз енгізілді. Бұл

саладағы алғашқы ауқымды іс «Өзен» кен орнындағы қалыптасқан жағдайға талдау жасауға арналды. Осы мақсатта, Бірлестіктің бас директоры А.Тегісбаевтың жетекшілігімен, Х.Кусаев, А.Бердімұратов, А.Аққұлов және т.б. өз саласының үздік мамандары кен орнында болып қайтты. Іс сапар қортындысымен «Өзен» кен орны басшы мамандарының қатысуымен, екі жақты тиімді, келелі кеңес өткізілді, ардагер мұнайшылардың ұсыныстары қабылданды.

Тағы бір мысал. «Kazenergy» қауымдастығының «Жаңа кәсіптердің атласын» әзірлеу жөніндегі іс-шараларына белсенді араласқан бірлестік мүшелері үлкен жұмыстар атқарды. Атап айтқанда бірлестік қызметкері Ф. Кешубаевтың жетекшілігімен ардагерлеріміз Қ.Қабылдин, Г. Амантұрлин, Е.Огай, А. Тегісбаев және басқалар шикізат базасының жай-күйіне талдау жасап, Қазақстанның 200 кен орнын қамтитын мұнай-газ саласының ағымдағы күйіне талдамалық есеп жасады, кен орындарын игеруді қарқындылату проблемалары мен оны шешудің жаңа жолдарын көрсетіп берді. Сонымен қатар, шетелдік оқу орындары мен отандық жоғары оқу орындарындағы мұнай кадрларын даярлаудың салыстырмалы талдауын ұсынды. Осылайша, ардагерлердің ғылыми әлеуетін оң бағытта жұмсау қоғамға да үлкен пайдасын тигізіп отыр.

Бүгінде бірлестікке мүше болғысы келетін ардагерлер қатары артуда. Олардың ішінде 20 ғылым докторы мен кандидаты, 30-дан астам ірі мұнай компанияларында басшылық қызмет атқарған, басқа да мұнайгаз саласын дамытуға үлкен үлес қосқан азаматтар бар екенін мақтан тұтамыз. Бұл бізге қоғам қызметіндегі негізгі міндеттердің бірі, ардагерлердің кәсіби және өмірлік тәжірибесін жастарға беру мақсатындағы жұмыстарымызды белсенді атқаруға септігін тигізіп отыр. Осылайша біз, ғылыми әрі тәжірибелік әлеуетімізді ескере отырып, тиісті министрліктер мен бөлімдерге, олардың ғылыми-техникалық комиссияларына, қоғамдық кеңес мүшелері қатарына ардагерлерімізді тарту туралы ұсыныс жолдаудамыз.

Еліміздегі мұнай-газ бағытында білім беретін жоғары оқу орындарының Қамқоршылық кеңестері мен Директорлар кеңестерінің жұмысына атсалысуға «МГКА» РҚБ қызметкерлері мен мүшелерінің қатысуына байланысты жұмыстар жүргізілуде. Бұл жас маман даярлауда ардагерлер көрсеткісі келетін қамқорлықтың бір парасы ғана.

Мұның арғы жағында бірлестік мүшелерінің атқарып жатқан қыруар еңбегі тұр. Ардагерлер мен жастар арасында көпір болып, сабақтастық жібін үзбеуге ұмтылу сауапты іс. Оған қоса ардагерлеріміздің бос уақытын пайдалы өткізуге септесу, сол арқылы қоғамдық өмірге белсенді араластыру үлкен күшті қажет етеді. Мұнай-газ кешені ардагерлер институтын қалыптастырып, мемлекетіміздің дамуына үлес қосу мақсатында бірлестік өз міндеттерін одан әрі жоғары дәрежеде атқара бермек. Бұл белсенділігіміз еліміздегі басқа сала ардагерлеріне де жақсы үлгі болады деген ойдамыз.

Зейнолла АЛШЫМБАЕВ,
«Мұнайгаз кешені ардагерлері»
республикалық қоғамдық бірлестігі
Кеңесінің мүшесі,
Маңғыстау облысының құрметті
азаматы

КТО И КАК ОБЯЗАН СДАВАТЬ ОБЯЗАТЕЛЬНУЮ ДЕКЛАРАЦИЮ В 2023 ГОДУ

Одной из приоритетных задач государства является четкое и грамотное управление налогообложением, так как именно от уровня организации данного процесса зависит эффективность налоговой политики страны. Взимание налогов – древнейшая функция государства и одно из основных условий развития общества на пути к экономическому и социальному развитию. Как показывает международный опыт, важным условием для решения задачи полномасштабного администрирования налогообложения доходов физических лиц в целях снижения размеров теневой экономики является всеобщее декларирование доходов и имущества населения.

Целью перехода к всеобщему декларированию является создание системы эффективного контроля доходов и имущества физических лиц для борьбы с теневой экономикой и коррупционными проявлениями, а также усиление роли государства в обеспечении сбора налогов и других обязательных платежей в бюджет. Основными задачами по обеспечению перехода к всеобщему декларированию являются:

- разработка методологических основ введения всеобщего декларирования и их законодательное обеспечение;
- проведение мероприятий по подготовке государственных органов к приему и обработке деклараций физических лиц;

- создание максимально удобной для населения процедуры декларирования доходов и имущества;

- широкомасштабное информирование населения по вопросам перехода к всеобщему декларированию;

- оказание методической помощи населению со стороны государства по составлению и представлению декларации;

- создание эффективной системы камерального контроля деклараций физических лиц.

Реализация декларирования доходов будет способствовать:

- противодействию теневой экономике;

- снижению уровня коррупции в государственных органах;

- расширению налоговой базы и увеличению поступлений в бюджет индивидуального подоходного налога;

- повышению налоговой культуры налогоплательщиков Республики Казахстан.



На основании статьи 45-1 Закона Республики Казахстан от 25 декабря 2017 года № 121-VI ЗРК «О введении в действие Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс)» всеобщее декларирование в Казахстане вводится в 4 этапа.

1 этап - с 1 января 2021 года

- лица, занимающие ответственную государственную должность, и их супруги;

- лица, уполномоченные на выполнение государственных функций, и их супруги;

- лица, приравненные к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций, и их супруги;

- лица, на которых возложена обязанность по представлению декларации в соответствии с Конституционным законом Республики Казахстан «О выборах в Республики Казахстан» и законами Республики Казахстан «О противодействии коррупции», «О банках и банковской деятельности в Республики Казахстан», «О страховой деятельности», «О рынке ценных бумаг».

Понятия вышеперечисленных лиц закреплены в Законе Республики Казахстан «[О противодействии коррупции](#)».

2 этап - с 1 января 2023 года

- работники государственных учреждений (включая сферу образования, здравоохранения, культуры, спорта и т.д.) и их супруги;

- работники субъектов квазигосударственного сектора и их супруги.

3 этап - с 1 января 2024 года

- руководители, учредители (участники) юридических лиц и их супруги;

- индивидуальные предприниматели и их супруги.

4 этап - с 1 января 2025 года

- оставшиеся категории граждан.

Какие формы деклараций физических лиц должны будут сдавать физические лица при всеобщем декларировании?

При вхождении в систему декларирования будет представляться декларация об активах и обязательствах (форма 250.00).

В последующем, население будет сдавать ежегодно декларацию о доходах и имуществе (форма 270.00).

Сроки представления деклараций Декларация об активах и обязательствах представляется по месту жительства (пребывания):

1. в случае представления на бумажном носителе – не позднее 15 июля текущего года, в котором возникло обязательство по представлению декларации;

2. в случае представления в электронном виде – не позднее 15 сентября текущего года, в котором возникло обязательство по представлению декларации.

Данные сроки представления декларации не распространяются на лиц, которые представляют декларацию в качестве:

- кандидатов на выборные должности в соответствии с Конституционным законом Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» и законом Республики Казахстан «О противодействии коррупции»;

- кандидатов на государственную должность либо должность, связанную с выполнением государственных или приравненных к ним функций, и их супругов;

- лиц, желающих стать крупными участниками банка, страховой (перестраховочной) организации, управляющим инвестиционным портфелем в соответствии с законами Республики Казахстан «[О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан](#)», «[О страховой деятельности](#)», «[О рынке ценных бумаг](#)», и их супругов.

Кандидаты на выборные должности и их супруги представляют декларацию до регистрации в качестве кандидата. Сведения отражаются на первое число месяца начала срока выдвижения.

Кандидаты на государственную должность либо должность, связанную с выполнением государственных или приравненных к ним функций, и их супруги представляют декларацию до вынесения акта должностного лица (органа), имеющего право назначения на должность, о назначении на должность. Сведения отражаются на первое число месяца представления декларации.

Лица, желающие стать крупными участниками банка, страховой (перестраховочной) организации, управляющим инвестиционным портфелем представляют Декларацию об активах и обязательствах (форма 250.00) до даты подачи в уполномоченный орган заявления о приобретении статуса крупного участника банка, статуса крупного участника страховой (перестраховочной) организации, статуса крупного участника управляющего инвестиционным портфелем. Сведения в Декларации об активах и обязательствах (форма 250.00) указываются на первое число месяца представления данной декларации.

Способы представления Декларации об активах и обязательствах:

В электронном виде – через веб-портал Комитета государственных доходов «Кабинет налогоплательщика» ([cabinet.salyk.kz](#)), Портал «электронного правительства» ([egov.kz](#)), а также через мобильное приложение eSalyq azamat.

На бумажном носителе – в явочном порядке в органы государственных доходов, ЦОН, а также по почте.

По материалам Tengrinews.kz, подготовлено Департаментом правового обеспечения

ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ / ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ

+7 771 545 18 30

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

УВАЖАЕМЫЕ КОЛЛЕГИ!

2022 жылдың қыркүйегінен бастап «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері үшін қоғамның кен орындарындағы асханаларда **ТАМАҚТАНУ**, **ЖАТАҚХАНАЛАРДА ТҰРУ** және Қаламқас, Жетібай кен орындарының амбулаторияларында, сондай-ақ Ақтау қаласы 1 шағын аудандағы «Нейрон-мед» ЖШС емханасында **МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ** мәселелері туралы шағымдар мен ұсыныстарды қабылдау бойынша **ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ** өз жұмысын бастады.

Жедел желі нөмірі: **+7-771-545-18-30** (қоңыраулар, **WhatsApp** хабарламалары)

Қоңыраулар күн сайын сағат **09:00-ден 18:00-ге** дейін қабылданады.

Жедел желіге хабарласқан кезде міндетті түрде аты-жөніңізді, қайда және кім болып жұмыс істейтіндігіңізді айту қажет. Сондай-ақ, **WhatsApp**-қа фото/видео материалдарды қоса отырып хабарлама жіберуге болады.

Сонымен қатар, **TELEGRAM** хабарламалар желісінде «ММГ» АҚ ақпараттық каналы іске қосылғанын қаперіңізге береміз. Ол жерде жоғарыда аталған тақырыптар бойынша қызметкерлердің қанағаттану деңгейін анықтау үшін сауалнамалар мен әлеуметтік зерттеулер жүргізілетін болады. Осы орайда аталған каналға тіркеліп, сауалнамаларға уақытылы жауап беріп отырула-рыңызды сұраймыз. Каналға тіркелу үшін ұялы телефоныңызға **TELEGRAM** қосымшасын орнатып, төменде көрсетілген **QR-кодты** ұялы телефоныңыздың камерасымен сканерлеңіз, тіркелу батырмасын басыңыз.



Ставим Вас известность, что с сентября 2022 года, для работников АО «Мангистаумұнайгаз» начала свою работу **ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ** по приему жалоб и предложений по вопросам **ПИТАНИЯ** в столовых, **ПРОЖИВАНИЯ** в общежитиях на месторождениях Общества, и **МЕДИЦИНСКОГО ОБСЛУЖИВАНИЯ** в амбулаториях месторождений Каламқас и Жетыбай, а также в поликлинике ТОО «Нейрон-мед» г.Ақтау в 1 микрорайоне.

Номер телефона горячей линии: **+7-771-545-18-30** (звонки, сообщения по **WhatsApp**)

Звонки принимаются ежедневно с **09:00 до 18:00** часов.

При обращении на телефон горячей линии необходимо обязательно сообщить ФИО, место и должность. Также можно отправлять сообщения в **WhatsApp** с прикреплением фото/видеоматериалов.

Кроме того, доводим до вашего сведения, что в мессенджере **TELEGRAM** работает информационный канал АО «Мангистаумұнайгаз», где на постоянной основе будут проводиться опросы и социальные исследования на предмет удовлетворенности работников по вышеназванным направлениям. В этой связи, просим вас загрузить на ваши мобильные устройства приложение **TELEGRAM** и подписаться на канал отсканировав нижеуказанный **QR-код**.

Спорт

ТОП-ФУТБОЛ НА КАЛАМКАСЕ ЖҮЛДЕГЕР

Нешуточные футбольные страсти кипели в течение трех дней на месторождении Каламкас, впервые принимавшем турнир «MMG Cup - 2022». Драматичные поединки, яркие эмоции, красивые голы и ежедневные аншлаги на трибунах – и спортсмены и болельщики, несомненно, получили удовольствие от открытого и бескомпромиссного футбола.



В соревнованиях принимали участие 10 сборных: команды «Мангистаумунайгаза», ПУ КМГ, ПУ ЖМГ, а также коллективы сервисных организаций. По регламенту турнира 10 команд были разбиты на две группы, сборные, занявшие 1 и 2 места в своих группах, встречались между собой в перекрестных полуфиналах.

К сожалению футболисты «Мангистаумунайгаза» и ПУ ЖМГ не смогли отобраться в плей-офф. Зато все матчи в своей группе выиграла команда Каламкаса и вышла в полуфинал с первого места.

В 1/2 финала хозяева соревнований со счетом 4:1 победили футболистов «OSC». В другом полуфинале чемпион Казахстана «Атриум-Актобе» с таким же счетом одолел команду «Мунай-телеком».

Таким образом, в решающем поединке встречались команды



ПУ КМГ и «Атриум-Актобе». Несмотря на поддержку болельщиков, команда Каламкаса все-таки уступила соперникам.



«Атриум-Актобе» - чемпион «MMG Cup - 2022»!

Лучшим вратарем соревнований были признан Ардак Кемелханов из команды «OSC», лучшим игроком - Фарзат Ескелды («Атриум-Актобе»).

Победителям и призерам были вручены кубки, медали и денежные премии.



ЧМ-2022: ИТОГИ КОНКУРСА «ФУТБОЛЬНЫЙ БУМ»

Один из лучших в истории чемпионатов мира по футболу завершен. Мундиаль в Катаре подарил нам много ярких эмоций, красивых голов, и, конечно же, супердраматичный, огненный финал Аргентина-Франция!

Результаты чемпионата мира известны, а значит, пора подводить итоги нашего конкурса «Футбольный бум», в ходе которого нефтяникам необходимо было до старта турнира, предугадать тройку призеров.

Итак, в редакцию газеты было прислано более 270 купонов с вариантами победителя и призеров. Сразу скажем, что, к сожалению, ни один участник конкурса не смог точно предсказать итоговую тройку: Аргентина, Франция, Хорватия. В большинстве случаев нефтяники посчитали, что чемпионат мира выиграет Бразилия. Также были популярны варианты с Германией, Испанией и Португалией. Однако ни одна из этих команд не попала в призы.

Тем не менее, было принято решение наградить поощрительными призами тех участников, кто верно предсказал победителя и серебряного призера чемпионата мира – Аргентину и Францию. Вот их имена:

- Борашов А.А. – химик ЦНИПР ПУ «Каламкасмунайгаз»;
- Кулмурынов А.Б. – ведущий экономист ДБПиЭА;
- Байпаков С.Ш. – главный геолог ПУ «Жетыбаймунайгаз»;



- Блалов Т.Т. – оператор ЦКППН ПУ «Каламкасмунайгаз»;
- Кайсенов Г.К. – начальник отдела экспорта ДМиСН;
- Турганбай И.Т. – старший механик ЦДНГ-4 ПУ «Каламкасмунайгаз»;
- Утеуова А.К. – инженер по качеству ДПРИУР;
- Никитенко Л.С. – техник ОНТ ПД;
- Керелбаев Е.М. – инженер по вентиляции ДТБОТиООС;
- Узакбаев Р.А. – заведующий лабораторией ЦНИПХЛ ЦНИПР ПУ «Каламкасмунайгаз»;
- Мысамбаев Т.Н. – ведущий механик ОТМПД;
- Хамиев Ж.Т. – ведущий специалист ДПРИУР.

Заместитель Генерального директора по административным и социальным вопросам Ермек Коптлеев, поблагодарил участников конкурса, вручил памятные призы (рюкзаки «Адидас»), и пожелал успехов и удачи в наступающем 2023 году.

На самом деле, я не самый большой любитель футбола, хотя нынешний чемпионат мира смотрела со всей семьей и с большим удовольствием, – признается инженер по качеству ДПРИУР Альбина Утеуова. – Вот мой сын настоящий фанат футбола, прекрасно разбирается во всех деталях, он мне и помог с прогнозом. Он сделал тщательный анализ по сетке, оценил составы команд, вплоть до травм и

психологического состояния игроков. На основе этого анализа я и сделала свой выбор, который оказался практически верным, хочу сказать большое спасибо своему сыну!

– Я много лет являюсь большим поклонником Лионеля Месси, поэтому, конечно же, болел за сборную Аргентины, – в свою очередь говорит химик ЦНИПР ПУ «Каламкасмунайгаз» Азамат Борашов. – На основе анализа турнирной сетки, я сделал предположение, что в финале встретятся Аргентина и Франция и команда Месси одержит победу. По моим прогнозам бронзовым призером



должна была стать Германия, но Хорватия преподнесла сюрприз. Хочу поблагодарить организаторов футбольного конкурса, а также желаю всем всего наилучшего в Новом году!



Мұнайлы Өлке

Меншік иесі - "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов

Редакция алқасы: - Ф.Әбдісадық
- Ж.Кемал.

Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Ақтау қаласы
6 ш.а., № 1 ұй,
тел:
212-035, 215-266
211-885, 212-194

Газет айына 1 рет
шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрлігінде
есепке
қойылып,
№ 9675 - Г
күәлігі берілген

▶ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
▶ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
▶ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265

"ADVER" ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы,
3-Б ш/а, 55/1 ғим.
тел: 8(7292)507000